

«Аяла» санаторлық бөбекжайы»КММ-сі



директоры: А.С. Мірзақ

«Сұңқар» МАД тобы

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Аяулы ана!»

Музыка жетекшісі: Тукми
Тәрбиеші : Тазабекбаева А.

2023-2024 оқу жылы

«Аяулы ана!»

Мақсаты: Балаларға 8-ші Наурыз халықаралық мейрамы екенің ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші : Ана дейміз бәріміз де аңқылдап
Ана дейді жас сәбиде жарқылдап
Ана деген бәйтерегі өмірдің.
Ана деген алтын қазық, алтын бақ.
Ана деген асыл жандар болаттай
Ана деген мөлдір жандар бұлақтай.
О, адамдар қадірлей біл ананы
Жат қылыққа ақыл ойды тонатпай.

Жүргізуші : Сәлеметсіздер ме, құрметті аналар, қымбатты әжелер, әріптестер!
Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-ші Наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осындай көркем мерекенің орны бөлек. Өйткені аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Ана – өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Олай болса, 8 наурыз мерекесіне орай «Сұңқар» тобының «Аяулы ана!» атты ертеңгілікті назарларыңызға ұсынамыз.

(әуенмен ұлдар кіреді, жартылай шеңберге тұра қалады да, жан-жақтарына қарайды)

Бехруз: Балалар, қараңдаршы, залдың іші әп-әдемі болып тұр.

Азиз: Шынымен, өте әдемі болып тұр

Бақберген: Ата-аналарда жиналыпты. Біздің топтың қыздары қайда екен.

Бехруз: Бүгін аналар мен әжелердің, қыздардың мерекесі ғой.

Азиз: Ата-аналар, біздің топтың қыздарын көрдіңіздерме?

Ата-аналар: Жоқ көрмедік.

Ұлдар: Біз қыздарды топтан здеп келейік.

Келесі бөлмеден қыздар шығады, бір қатарға тізіліп тұрады.

Махида: Ұлдардың мұнысы несі? Бізді шақыртып алып, өздері әлі жоқ қой.

Сафира: Біз сәнденіп, әдемі көйлектерімізді киіп келіп отырмыз ғой.

(музыка қосылады, осы кезде ұлдар сахнаға шығады)

Жүргізуші: Ұлдар біздің қыздар қатты ренжулі. Сендер бір амалын тауып, олардың көңілін табыңдар.

Би: Құдаша.

Көктем кіреді: Мен көгілдір көктеммін
Былтыр келіп кеткенмін,
Орманда бұлбұл сайраған
Көптен күткен көктеммін

Сәлеметсіңдерме балалар? Сәлеметсіздерме қонақтар?! Айнала қандай керемет, балалар сендерде сондай әдемісіңдер. Сендерді келіп жеткен мерекемен шын жүректен құттықтаймын.

Жүргізуші: Көктем ханшайымы қош келдің, төрлет! Біз сені көп күттік, аналар мерекесіне арналған балалардың өнерін тамашала! Келесі кезекті тақпаққа береміз.

Тақпақтар:

Сафира: Бізге қарап елжіреп,
Сүйсе беттен күнім деп,
Құшақ ашса келші деп
Жүгіреміз күлімдеп.

Жаннұрым: Мәпелеп өсірген сен едің
Мейірімің қандай керемет
Анашым менің анашым.

Мохида: Сенен өскен балалар
Батырлар мен даналар
Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар!

Сафина: Ақ мамамды әрқашан,
Сағынамын, силаймын.
Мейрам сайын мен оған,
Түрлі силық силаймын.

Дамир: Жарқын жүзді жан анам
Сендей болса бар адам
Сендей болса бар адам
Шаттық кетпес баладан.

Шұғыла: Әр сөзімді жттаған
Жүрегімде сақтаған
Анашым деп мақтанам
Айналайын ақ мамам

Жүргізуші: жарайсындар, келесі кезекті тобымыздың мың бұралған биші қыздарымызға берейік

Би: Парижге саяхат

Тақпақтар әже туралы;

Муслима: Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген,
Айырмашы ақ әжем.

Зулфина: Әже деген көп шығар,
Әжемдей менің жоқ шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Демеу: Ақ жаулықты әжемді,
Ай жүзіне теңедім.
Мейірімін таусылмас,
Күн нұрына теңедім.

Өмір: Аналарды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз,
Әжені де ардақтап,
Әдеппен бас иеміз.

Жүргізуші: Ой жарайсындар, олай болса келесі кезекті әжелерімізге арнаған әнімізге береміз, қабыл алыңыздар.

Ән: «Әже»

Жүргізуші: Біздің қыздарымыз әзіл ретінде сахналық көрініс дайындаған. Көрінісімізді көңіл күймен қабыл алыңыздар.

Қыздар: Көрініс

Көктем ойын: ата-аналармен

Шарты: Ортаға аналар шығады, көздерін байлап сипап-сезу арқылы өз балаларын табуы керек.

Жүргізуші: Құрметті қонақтар, қыздар, біздің топтың ұлдарының силығы бар екен. Бірақ оны жай ғана бергілері келіп тұрған жоооқ...

Біздің жігіттер өздерінің өнерімен қыздарымызға табыстағысы келіп тұр екен, қанекей онда ұлдарымыздың өнерін тамашалайық.

Жүргізуші: ұлдардың орындауында «Қызыл раушан» биі.

Жүргізуші: жарайсындар балапандар, аналарымыз аман болып, әрқашан қасымызда болсын деп тілейміз. Олай болса келесі кезекті балаларымыздың тақпақтарына тыңдайық.

Тақпақтар:

Дарина: Ана біздің күніміз,
Ана біздің гүліміз.
Бізді ана қуантып,
Ұзақ өмір сүріңіз.

Бақберген: Айтсаң болды тіл алам
Айбат анам, ай анам.
Сені көрсем қуанам
Сен керексің қашанда.

Абдуллах: Анам меніңанашым
Сені жақсы көремін
Мерекенмен бүгінгі
Құттықтаймын мен сізді.

Азиз: Анам кетсе жұмысқа,
Анашымды сағынам.
Құлағына сыбырлап,
Анама арнап ән салам.

Еркеназ: Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін әр күн мен
Құттықтаймын анашым
8-ші наурызбен.

Хайтмурат: Балдай тәтті баламыз,
Ақылдымыз данамыз.
Аналардың мейрамын,
Бірге қарсы аламыз.

Бехруз: Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз.
Той күні бір-бірден,
Қыздарға силаймыз.

Жүргізуші: Құрметті Ата-аналар, қонақтар біздің ұл-қыздарымыздың өз қолдарынан жасаған, анамызға деген ыстық жүрекшелерін қабыл алыңыздар.

ӘН: Ана.

Жүргізуші: Күндеріңіз толсын гүлге, желекке
Отбасында болсын ырыс-береке
Құттықтаймыз шын жүректен сіздерді
Өмір-думан, бақ әкелсін мереке -дей отыра бүгінгі мерекеге
арналған ертеңгілігіміз аяқталды, келіп тамашалағандарыңызға көп рахмет.

